## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 мамырдағы N 436 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 17 қыркүйектегі N 925 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 13 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 14.01.2016 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инвестициялар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 4 мамырдағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 мамырдағы N 436 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 19, 192-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1-тармақтың 2) тармақшасындағы "қызметтің кіші түрлерінің сыныптауыш" деген сөздер "экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптауыш сыныптары" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Инвестициялық преференцияларды көздейтін инвестицияларды жүзеге асыруға арналған модельдік келісім-шартта:

7-тармақта:

2) тармақшадағы "келісім-шартқа қол қоюға" деген сөздер "келісім-шарт жасасуға" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) және 5) тармақшалар алынып тасталсын;

9-тармақта:

2) тармақша алынып тасталсын;

3) тармақша "инвестициялық дауларды" деген сөздерден кейін "сотқа дейінгі тәртіппен" деген сөздермен толықтырылсын;

10-тармақта:

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) қазақстандық кадрлардың біліктілігін арттыру жөнінде жұмыс жүргізуге;";

8) тармақшадағы "қолдануға" деген сөзден кейін ";" белгісі қойылып, мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) Келісім-шарттың қолданысы мерзімінің ішінде Келісім-шарттың жұмыс бағдарламасына сәйкес сатып алынған тіркелген активтерді иеліктен шығармауға және жалға бермеуге";

11-бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Келісім-шарт жағдайларының сақталуына мониторинг және оны бақылау ";

20 және 21-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Келісім-шарт жасасқаннан кейін инвестор уәкілетті органға:

1) тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың жиырма бесі күнінен кешіктірмей статистика жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нысан бойынша инвестициялық жобаны іске асыру туралы есепті;

2) жыл сайын бірінші маусымнан кешіктірмей:

статистика жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нысан бойынша бір жылғы есепті және оған түсіндірме жазбаны;

тіркелген активтерді пайдалануға беруді растайтын құжатты;

аудиторлық есеппен расталған:

инвестициялық қызмет нәтижесінде болған кірістер мен шығыстар туралы есепті;

бір жыл ішіндегі бухгалтерлік теңгерімді;

тіркелген активтердің толық жазылуын ұсынады.

Аудиторлық есеп өткен жылғы қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелерін талдауды және келісім-шарт бойынша инвестициялық міндеттемелердің орындалуы туралы ақпаратты қамтуға тиіс.

21. Уәкілетті орган келісім-шарт жағдайларының сақталуына мониторингті және оны бақылауды өзі бекіткен тәртіппен тексерудің мынадай нысандарында жүзеге асырады:

1) инвестициялық жобаларды іске асыру туралы есеп беру;

2) ұсынылған аудиторлық есептер негізінде;

3) инвестициялық қызмет объектісіне барып, оның ішінде инвестициялық жобаны іске асыру жөніндегі құжаттарды қарап.";

33, 34, 35, 36, 37-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"33. Уәкілетті орган келісім-шарт жасасқан инвесторға бұл туралы жазбаша түрде хабарлаған сәттен бастап үш ай өткеннен кейін мынадай жағдайларда келісім-шартты біржақты тәртіппен бұза алады:

1) инвестор ұсынған және инвестициялық преференциялар беру жөніндегі шешімге ықпал ететін мәліметтердің бұрмаланғаны немесе жасырылғаны анықталған кезде;

2) инвестор келісім-шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған кезде;

3) Келісім-шарттың 20-тармағына сәйкес инвестордың есеп берудегі

мәліметтерді бұрмалағаны немесе жасырғаны анықталған кезде.

Бұл жағдайларда көрсетілген инвестор келісім-шарт бойынша ұсынылған инвестициялық преференциялар салдарынан төленбеген салықтар мен кеден баждарының сомасы Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген айыппұл санкцияларын қолдана отырып төлейді.

34. Инвестордың бастамасы бойынша келісім-шарт біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде инвестор келісім-шарт бойынша берілген инвестициялық преференциялар салдарынан төленбеген салықтар мен кеден баждарының сомасын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өсімпұлды есептей отырып төлейді.

35. Келісім-шарт тараптардың келісімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде инвестор келісім-шарт бойынша берілген инвестициялық преференциялар салдарынан төленбеген салықтар мен кеден баждарының сомасын төлейді.

36. Келісім-шарт мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде инвестор өзіне мемлекеттік заттай грант ретінде берілген мүлікті заттай не келісім-шарттың талаптарына сәйкес оның берілген күнгі бастапқы құнын қайтарады.

37. Мемлекеттік заттай грантты қайтаруды инвестор уәкілетті органның келісім-шартты мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешімі қабылданғаннан кейін отыз күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырады.";

2-қосымша осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Инвестициялық преференциялар берілетін қызметтің кіші түрлерінің сыныптауыш деңгейінде қызметтің басым түрлерінің тізбесі осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Инвестициялық преференцияларды уәкілетті орган беретін инвестициялардың ең жоғарғы көлемі және инвестициялық салық преференцияларының қолдану мерзімдері осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 17 қыркүйектегі N 925 қаулысына 1-қосымша

____ жылғы ____ ________ N ____ келісім шартқа 2-қосымша

**________ жылдан бастап ____________жыл кезеңінде кеден баждарын салудан босатылатын импортталатын жабдық пен оның жиынтықтауыштарының тізімі және көлемі**

| N | Атауы | СЭҚ ТН коды | Саны |
|---|---|---|---|
| 1. | | | |
| 2. | | | |
| Жиыны | | | |

Барлығы ____ атау ________ парақта

Комитет: Инвестор:

Қолы ____ М.О. Қолы ____ М.О.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 17 қыркүйектегі N 925 қаулысына 2-қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 мамырдағы N 436 қаулысымен бекітілген

**Инвестициялық преференциялар берілетін экономикалық қызмет түрлерінің жалпы сыныптауыш сыныптары деңгейіндегі қызметтің басым түрлерінің тізбесі**

| Бөлім | Бөлімнің атауы | Коды | Қызмет түрінің және қызметтің кіші түрінің атауы |
|---|---|---|---|
| | | 01.1<br>01.11<br>01.12<br>01.13 | Өсімдік шаруашылығы<br>Басқа топтамаларға енгізілмеген, темекі өсіруді қоспағанда, оны алғашқы өңдеуді (жапырақтарды жинауды және кептіруді) қоса алғанда, дәнді, техникалық және өзге де ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру<br>Гүл өсіруді, гүл өсірудің тұқым шаруашылығын қоспағанда, көкөніс шаруашылығы, сәндік бау-бақша шаруашылығы және питомниктердің өнімін өндіру<br>Татымдылық дақылдары мен сусындар шығаруға арналған дақылдарды өсіруді қоспағанда, сусындармен татымдылықтарды шығаруға арналған жемістерді, жаңғақтарды, дақылдарды өсіру |
| | | | Мал шаруашылығы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 01 | Ауыл шаруашылығы, аңшылық және осы салаларда қызметтер ұсыну | 01.2<br>01.21<br>01.22<br>01.23 | Ірі қара мал өсіру<br>Қой, ешкі, жылқы, есек, қашыр өсіру<br>Шошқа өсіру |
| | | 01.24<br>01.25 | Ауыл шаруашылығы құсын өсіру<br>Басқа да малдар өсіру |
| | | 01.4<br>01.41<br>01.42 | Ветеринарлық қызметтерден басқа, өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы саласында қызметтер ұсыну; пейзаждық жоспарлау<br>Өсімдік шаруашылығы саласында мыналарды қоспағанда, қызметтер ұсыну:<br>спорттық және соларға ұқсас объектілерде бақтарды, саябақтарды және жасыл желек салу, өңдеу және ұстау;<br>көгалдандыру: өсімдіктерді отырғызуға, қазып алуға, тегістеуге және оларды қадағалауға, көгалдар мен саябақтарды жайластыруға және оларды күтуге, ағаштарды және бұтадан жасалатын қоршауларды кесуге байланысты пейзаждық жоспарлау мен дизайнерлік жұмыстар<br>Ветеринарлық қызметтерден басқа, мал шаруашылығы саласында қызметтер ұсыну |
| 02 | Орман шаруашылығы және осы салада қызметтер ұсыну | 02.0<br>02.01 | Орман шаруашылығы және ағаш дайындау<br>Жабайы өсетін және сүрексіз ағаш өнімдерін жинауды қоспағанда, орман шаруашылығы және ағаш дайындау |
| 05 | Балық аулау, балық шаруашылығы және осы салаларда қызметтер ұсыну | 05.0<br>05.01<br>05.02 | Балық аулау, балық шаруашылығы және осы салаларда қызметтер ұсыну<br>Мыналарды қоспағанда, балық аулау:<br>теңіз бен тұщы су шаян тәрізділері мен моллюскілерін аулау;<br>су жануарларын аулау: тасбақалар, асцидийлер, қабықтылар, су кірпілері және т.б.;<br>балық аулауға байланысты қызметтер: балықты қорғау және балықты қадағалау<br>теңіз өнімдерін жинау: табиғи інжу, губкалар, коралдар немесе балдырлар<br>Балық шаруашылығы |
| | | 15.1<br>15.11<br>15.12 | Ет және ет өнімдерін өндіру<br>Ет өндіру<br>Ауыл шаруашылығы құстары мен үй қояндары етін өндіру |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 15 | Сусындарды қоса алғанда, тамақ өнімдерін өндіру | 15.13 | Дайын ет тағамдарын өндіруді қоспағанда, ет өнімдерін өндіру |
| | | 15.2<br>15.20 | Балық және балық өнімдерін қайта өңдеу мен консервілеу<br>Дайын балық тағамдарын жасауды қоспағанда, балық және балық өнімдерін қайта өңдеу мен консервілеу |
| | | 15.3<br>15.31<br>15.32<br>15.33 | Жемістерді және көкөністерді қайта өңдеу мен консервілеу<br>Картоптан тіске басарларды жасауды қоспағанда, картопты қайта өңдеу мен консервілеу<br>Жеміс және көкөніс шырындарын шығару<br>Басқа топтамаларға енгізілмеген, жемістер мен көкөністерді қайта өңдеу мен консервілеу |
| | | 15.4<br>15.41<br>15.42<br>15.43 | Өсімдік және жануар майы мен тоң майын жасау<br>Тазартылмаған май мен тоң май жасау<br>Тазартылған май мен тоң май жасау<br>Маргарин жасау |
| | | 15.5<br>15.51<br>15.52 | Сүт өнімдерін өндіру<br>Сүтті қайта өңдеу және ірімшік жасау<br>Балмұздақ шығару |
| | | 15.6<br>15.61<br>15.62 | Ұн-жарма өнеркәсібі өнімдерін, крахмалдар мен крахмал өнімдерін шығару<br>Ұн-жарма өнеркәсібі өнімдерін шығару<br>Крахмал мен крахмал өнімдерін шығару |
| | | 15.7<br>15.71<br>15.72 | Жануарларға арналған дайын жемшөп шығару<br>Фермаларда ұсталатын жануарларға арналған дайын жем шығару<br>Үй жануарларына арналған дайын жем шығару |
| | | 15.8<br>15.81<br>15.82<br>15.83 | Өзге де тамақ өнімдерін өндіру<br>Нан шығару; қысқа мерзімге сақталатын ұннан жасалатын кондитерлік бұйымдар шығару<br>Кептірілген нандар мен печенье шығару, ұзақ мерзімге сақталатын ұннан жасалатын кондитерлік бұйымдар шығару<br>Қант шығару |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 15.84 | Какао, шоколад және қанттан жасалатын кондитерлік бұйымдар шығару |
| | | 15.85 | Макарон бұйымдарын шығару |
| | | 15.86 | Шәй және кофе шығару |
| | | 15.87 | Татымдылықтар мен тұздықтар шығару |
| | | 15.88 | Балалар тағамы мен емдемдік тамақ өнімдерін өндіру |
| | | 15.89 | Басқа топтамаларға енгізілмеген, өзге де тамақ өнімдерін өндіру |
| | | 15.9 | Сусындар шығару |
| | | 15.97 | Уыт өндіру |
| | | 15.98 | Минералды сулар мен басқа да алкогольсіз сусындар шығару |
| 17 | Тоқыма өндірісі | 17.1 | Тоқыма талшықтарын иіру |
| | | 17.11 | Мақта-мата талшықтарын иіру |
| | | 17.12 | Жүн талшықтарын кардамен иіру |
| | | 17.13 | Жүн талшықтарын тарақпен иіру |
| | | 17.15 | Табиғи жібек, жасанды және синтетикалық талшықтар жасау |
| | | 17.17 | Өзге де тоқыма талшықтарын жасау және иіру |
| | | 17.2 | Тоқымашылық өндіріс |
| | | 17.21 | Мақтадан тоқылған мата шығару |
| | | 17.22 | Кардамен иірілген талшықтардан жасалатын жүннен тоқылған мата шығару |
| | | 17.23 | Тарақпен иірілген талшықтардан жасалатын жүннен тоқылған мата шығару |
| | | 17.25 | Өзге де тоқыма маталар шығару |
| | | 17.3 | Мата және тоқыма бұйымдарын өңдеу |
| | | 17.30 | Мата және тоқыма бұйымдарын өңдеу |
| | | 17.4 | Киімнен басқа, дайын тоқыма бұйымдарын шығару |
| | | 17.40 | Киімнен басқа, дайын тоқыма бұйымдарын шығару |
| | | 17.5 | Өзге де тоқыма бұйымдарын шығару |
| | | 17.51 | Кілемдер және кілем бұйымдарын шығару |
| | | 17.52 | Арқан, жіп, шпагат және тор жасау |
| | | 17.53 | Тоқылмаған тоқыма материалдары мен олардан жасалатын бұйымдарды шығару |
| | | 17.54 | Басқа да топтамаларға енгізілмеген өзге тоқыма бұйымдарын шығару |
| | | 17.6 | Трикотаж жайма шығару |
| | | 17.60 | Трикотаж жайма шығару |
| | | 17.7 | Трикотаж бұйымдарын шығару |
| | | 17.71 | Трикотаж шұлық-ұйық бұйымдарын шығару |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 17.72 | Трикотаж жемпір, кардиган және соған ұқсас бұйымдар шығару |
| 18 | Киім тігу, үлбірді әрлеу және бояу | 18.1<br>18.10 | Былғарыдан жасалатын киім тігу<br>Былғарыдан жасалатын киім тігу |
| | | 18.2<br>18.22<br>18.23<br>18.24 | Тоқыма материалдарынан киім тігу<br>Сырт киім тігу<br>Іш киім тігу<br>Өзге де киімдер мен аксессуарлар шығару |
| | | 18.3<br>18.30 | Үлбірді илеу және бояу; үлбір бұйымдарын шығару<br>Үлбірді илеу және бояу; үлбір бұйымдарын шығару |
| 19 | Былғары, былғарыдан бұйымдар жасау және аяқ киім тігу | 19.1<br>19.10 | Былғарыны илеу және әрлеу<br>Былғарыны илеу және әрлеу |
| | | 19.2<br>19.20 | Шамадандар, сөмкелер және былғарыдан басқа да бұйымдар жасау<br>Шамадандар, сөмкелер және былғарыдан басқа да бұйымдар жасау |
| | | 19.3<br>19.30 | Аяқ киім тігу<br>Аяқ киім тігу |
| 20 | Сүректі өңдеу және ағаштан бұйымдар жасау | 20.1<br>20.10 | Сүректі аралау және сүргілеу; сүрек сіңірімі<br>Сүректі аралау және сүргілеу; сүрек сіңірімі |
| | | 20.2<br>20.20 | Шпон, фанера, тақталар мен панельдер жасау<br>Шпон, фанера, тақталар мен панельдер жасау |
| | | 20.3<br>20.30 | Ағаштан құрылыс құрастырмалары мен ағаш бұйымдарын шығару<br>Ағаштан құрылыс құрастырмалары мен ағаш бұйымдарын шығару |
| 21 | Қағаз массасын, қағаз, қатырма қағаз және одан жасалатын бұйымдар шығару | 21.1<br>21.11<br>21.12 | Қағаз массасын, қағаз бен қатырма қағаз шығару<br>Қағаз массасын шығару<br>Қағаз бен қатырма қағаз шығару |
| | | 21.2<br>21.21<br>21.22<br>21.23<br>21.24<br>21.25 | Қағаз бен қатырма қағаздан жасалатын бұйымдар шығару<br>Гофрирленген қатырма қағаз, қағаз бен қатырма қағаз ыдыстарын шығару<br>Шаруашылық-тұрмыстық және санитарлық-гигиеналық мақсаттағы қағаз бұйымдарын шығару<br>Жазу-қағаз бұйымдарын шығару<br>Тұсқағаз шығару<br>Қағаз және қатырма қағаздан жасалатын өзге де бұйымдар шығару |
| | | 22.1 | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 22 | Баспа және полиграфия қызметі, жазылған ақпарат тасығыштарды тираждау | 22.11 | Баспа қызметі<br>Кітап шығару |
| | | 22.2<br>22.22<br>22.23<br>22.24 | Полиграфия қызметі және осы салада қызметтер ұсыну<br>Басқа топтамаларға енгізілмеген полиграфия қызметі<br>Брошюралау-түптеу және әрлеу қызметі<br>Баспа нысандарын жасау |
| 23 | Кокс, мұнай өнімдері мен ядролық материалдар өндіру | 23.1<br>23.10 | Кокс өндіру<br>Кокс өндіру |
| | | 23.2<br>23.20 | Мұнай өнімдерін өндіру<br>Мотор отынын өндіруді қоспағанда, мұнай өнімдерін өндіру: бензин, керосин және т.б., этан, пропан, бутан және т.б. сияқты сұйық немесе жеңіл, орташа, ауыр газдардың газ тәріздес отынын өндіру |
| 24 | Химия өнеркәсібі | 24.1<br>24.11<br>24.12<br>24.13<br>24.14<br>24.15<br>24.16<br>24.17 | Негізгі химиялық заттар өндіру<br>Өнеркәсіптік газдар өндіру<br>Бояғыштар мен пигменттер өндіру<br>Өзге де негізгі органикалық емес химиялық заттар өндіру<br>Өзге де негізгі органикалық химиялық заттар өндіру<br>Тыңайтқыштар мен азот қоспаларын өндіру<br>Бастапқы нысандардағы пластмассалар өндіру<br>Синтетикалық каучук өндіру |
| | | 24.2<br>24.20 | Агрохимиялық өнімдер өндіру<br>Агрохимиялық өнімдер өндіру |
| | | 24.3<br>24.30 | Бояулар мен лактар шығару<br>Бояулар, лактар мен соған ұқсас жабындылар, баспаханалық бояулар мен мастикалар шығару |
| | | 24.4<br>24. 41<br>24.42 | Фармацевтикалық өнім өндіру<br>Негізгі фармацевтикалық өнімдер өндіру<br>Фармацевтикалық препараттар мен материалдар шығару |
| | | 24.5<br>24.51<br>24.52 | Сабын және жуғыш, тазартқыш және жылтыратқыш заттар, парфюмерлік және косметикалық құралдар шығару<br>Сабын және жуғыш, тазартқыш және жылтыратқыш заттар шығару<br>Парфюмерлік және косметикалық құралдар шығару |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 24.6<br>24.61<br>24.62<br>24.63<br>24.64<br>24.65<br>24.66 | Өзге де химиялық өнімдер өндіру<br>Жарылғыш заттар жасау<br>Желімдер мен желатин жасау<br>Эфир майын шығару<br>Фото материалдар шығару<br>Дайын, жазылмаған ақпарат тасығыштарды шығару<br>Өзге де химиялық өнімдер өндіру |
| | | 24.7<br>24.70 | Жасанды және синтетикалық талшықтар жасау<br>Жасанды және синтетикалық талшықтар жасау |
| 25 | Резеңке және пластмасса бұйымдарын жасау | 25.1<br>25.11<br>25.12<br>25.13 | Резеңке бұйымдарын жасау<br>Резеңке шиналар, покрышкалар мен камералар жасау<br>Резеңке шиналар мен покрышкаларды қалпына келтіру<br>Өзге де резеңке бұйымдарын жасау |
| | | 25.2<br>25.21<br>25.22<br>25.23<br>25.24 | Пластмасса бұйымдарын шығару<br>Пластмасса тақталар, тілімдер, құбырлар мен пішіндер жасау<br>Тауарларды буып-түюге арналған пластмасса бұйымдарын жасау<br>Құрылыста пайдаланылатын пластмасса бұйымдарын жасау<br>Өзге де пластмасса бұйымдарын жасау |
| | | 26.1<br>26.11<br>26.12<br>26.13<br>26.14<br>26.15 | Шыны және шыныдан бұйымдар жасау<br>Табақты шыны жасау<br>Табақты шыныны қалыптау және өңдеу<br>Қуыс шыны бұйымдарын жасау<br>Шыны талшықтарын жасау<br>Өзге де шыны бұйымдарын жасау және өңдеу |
| | | 26.2<br>26.21<br>26.22<br>26.23<br>26.26 | Құрылыста пайдаланылатындардан басқа, қыш бұйымдарын жасау<br>Шаруашылық және сәндік қыш бұйымдарын жасау<br>Қыш санитарлық-техникалық бұйымдарын жасау<br>Қыш электр оқшаулағыштар мен оқшаулаушы арматура жасау<br>Отқа төзімді бұйымдар жасау |
| | | 26.3<br>26.30 | Қыш тақтайшалар мен тақталар жасау<br>Қыш тақтайшалар мен тақталар жасау |
| | | 26.4 | Кірпіш, черепица және өзге де күйдірілген саз балшықтан құрылыс бұйымдарын жасау |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 26 | Өзге де металл емес минералдық өнімдер өндіру | 26.40 | Кірпіш, черепица және өзге де күйдірілген саз балшықтан құрылыс бұйымдарын жасау |
| | | 26.5<br>26.51<br>26.52<br>26.53 | Цемент, әк және керіш өндіру<br>Цемент өндіру<br>Әк өндіру<br>Керіш өндіру |
| | | 26.6<br>26.61<br>26.62<br>26.63<br>26.64<br>26.65<br>26.66 | Құйматастан, керіштен және цементтен бұйымдар жасау<br>Құйматастан құрылыс бұйымдарын жасау<br>Құрылыста пайдалануға арналған керіш бұйымдарын жасау<br>Пайдалануға дайын құйматас шығару<br>Құрғақ құйматас қоспаларын шығару<br>Асбестцементтен және талшықты цементтен бұйымдар жасау<br>Құйматастан, керіштен және цементтен өзге де бұйымдар жасау |
| | | 26.7<br>26.70 | Сәндік және құрылыс тасын кесу, өңдеу және әрлеу<br>Сәндік және құрылыс тасын кесу, өңдеу және әрлеу |
| | | 26.8<br>26.82 | Өзге де металл емес минералдық өнім өндіру<br>Басқа топтамаларға енгізілмеген, өзге де металл емес минералдық өнім өндіру |
| 27 | Металлургия өнеркәсібі | 27.1<br>27.10 | Шойын, болат және ферроқорытпа өндіру<br>Шойын, болат және ферроқорытпа өндіру |
| | | 27.2<br>27.21<br>27.22 | Құбырлар жасау<br>Шойыннан құбырлар жасау<br>Болат құбырлар жасау |
| | | 27.3<br>27.31<br>27.32<br>27.33<br>27.34 | Шойын мен болатты өзге де бастапқы өңдеу<br>Салқындай сым созу<br>Таспалар мен жіңішке жолақтарды сап салқындай илектеу<br>Салқындай қалыптау мен майыстыру<br>Сым жасау |
| | | 27.4<br>27.41<br>27.42<br>27.43<br>27.44<br>27.45 | Түсті металдар өндіру<br>Асыл (қымбат бағалы) металдар өндіру<br>Алюминий өндіру<br>Қорғасын, мырыш және қалайы өндіру<br>Мыс өндіру<br>Өзге де түсті металдар өндіру |
| | | 27.5 | Металл құю |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 27.51 | Шойын құю |
| | | 27.52 | Болат құю |
| | | 27.53 | Жеңіл металдар құю |
| | | 27.54 | Өзге де түсті металдар құю |
| 28 | Дайын металл бұйымдарын жасау | 28.1 | Құрылыс металл құрастырмалары мен бұйымдарын жасау |
| | | 28.11 | Құрылыс металл құрастырмаларын жасау |
| | | 28.12 | Құрылыс металл бұйымдарын жасау |
| | | 28.2 | Металл резервуарлар, радиаторлар мен орталық жылыту қазандықтарын жасау |
| | | 28.21 | Металл цистерналар, резервуарлар мен контейнерлер жасау |
| | | 28.22 | Радиаторлар мен орталық жылыту қазандықтарын жасау |
| | | 28.3 | Орталық жылыту қазандықтарынан басқа, бу қазандықтарын жасау |
| | | 28.30 | Орталық жылыту қазандықтарынан басқа, бу қазандықтарын жасау |
| | | 28.5 | Металл өңдеу және металдарға металл буын жалату; машина жасаудың негізгі технологиялық процестері |
| | | 28.51 | Металл өңдеу және металдарға металл буын жалату |
| | | 28.52 | Машина жасаудың негізгі технологиялық процестері |
| | | 28.7 | Өзге де дайын металл бұйымдарын жасау |
| | | 28.71 | Металл бөшкелер мен соған ұқсас сыйымдылықтар жасау |
| | | 28.72 | Жеңіл металдардан орам жасау |
| | | 28.73 | Сымнан бұйымдар жасау |
| | | 28.74 | Бекіту бұйымдарын, шынжырлар мен серіппелер жасау |
| | | 28.75 | Өзге де дайын металл бұйымдарын жасау |
| | | 29.1 | Механикалық жабдықтар жасау |
| | | 29.11 | Авиациялық, автомобиль және мотоциклет қозғалтқыштарынан басқа, қозғалтқыштар мен турбиналар жасау |
| | | 29.12 | Сорғылар, компрессорлар мен гидравликалық жүйелер жасау |
| | | 29.13 | Крандар мен клапандар жасау |
| | | 29.14 | Мойынтіректер, тісті берілістер, механикалық беріліс элементтері мен жетектер жасау |
| | | 29.2 | Жалпы мақсаттағы өзге де жабдықтар жасау |
| | | | Пеш және пеш шілтерлерін жасау |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 29 | Машиналар мен жабдықтар жасау | 29.21<br>29.22<br>29.23<br>29.24 | Көтергіш-көлік жабдықтарын жасау<br>Өнеркәсіптік тоңазытқыш және ауа тазартқыш жабдықтарын жасау<br>Басқа топтамаларға енгізілмеген, жалпы мақсаттағы өзге де машиналар мен жабдықтар жасау |
| | | 29.3<br>29.31<br>29.32 | Ауыл және орман шаруашылығына арналған машиналар мен жабдықтар жасау<br>Ауыл шаруашылығы тракторларын жасау<br>Ауыл және орман шаруашылығына арналған өзге де машиналар мен жабдықтар жасау |
| | | 29.4<br>29.41<br>29.42<br>29.43 | Станоктар жасау<br>Портативті механикаландырылған қол аспабын жасау<br>Металл өңдейтін өзге де станоктар жасау<br>Өзге де станоктар жасау |
| | | 29.5<br>29.51<br>29.52<br>29.53<br>29.54<br>29.55<br>29.56 | Арнаулы мақсаттағы өзге де машиналар мен жабдықтар жасау<br>Металлургияға арналған машиналар мен жабдықтар жасау<br>Пайдалы қазбаларды өндіруге және құрылысқа арналған машиналар мен жабдықтар жасау<br>Сусындар мен темекі бұйымдарын қоса алғанда, тамақ өнімдерін өндіруге арналған машиналар мен жабдықтар жасау<br>Тоқыма, тігін, үлбір және былғары бұйымдарын дайындауға арналған жабдықтар жасау<br>Қағаз бен қатырма қағаз дайындауға арналған машиналар мен жабдықтар жасау<br>Басқа топтамаларға енгізілмеген, арнаулы мақсаттағы өзге де машиналар мен жабдықтар жасау |
| | | 29.6<br>29.60 | Қару-жарақ пен оқ-дәрі шығару<br>Қару-жарақ пен оқ-дәрі шығару |
| | | 29.7<br>29.71<br>29.72 | Тұрмыстық аспаптар жасау<br>Тұрмыстық электр аспаптарын жасау<br>Тұрмыстық электрлік емес аспаптар жасау |
| 30 | | 30.0<br>30.01 | Кеңсе жабдықтары мен есептеу техникасын жасау<br>Кеңсе жабдықтарын жасау |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Кеңсе жабдықтары мен есептеу техникасын жасау | 30.02 | Электронды есептеу машиналары мен ақпаратты өңдеуге арналған өзге де жабдықтар жасау |
| 31 | Электр машиналары мен электр жабдықтарын жасау | 31.1<br>31.10 | Электр қозғалтқыштар, генераторлар мен трансформаторлар жасау<br>Электр қозғалтқыштар, генераторлар мен трансформаторлар жасау |
| | | 31.2<br>31.20 | Электрді бөлетін және реттейтін аппаратуралар жасау<br>Электрді бөлетін және реттейтін аппаратуралар жасау |
| | | 31.3<br>31.30 | Оқшауландырылған өткізгіштер мен кәбілдер жасау<br>Оқшауландырылған өткізгіштер мен кәбілдер жасау |
| | | 31.4<br>31.40 | Гальвандық элементтер (электр аккумуляторлары мен бастапқы элементтер) жасау<br>Гальвандық элементтер (электр аккумуляторлары мен бастапқы элементтер) жасау |
| | | 31.5<br>31.50 | Электр шамдары мен жарық беретін жабдықтар жасау<br>Электр шамдары мен жарық беретін жабдықтар жасау |
| | | 31.6<br>31.61<br>31.62 | Өзге де электр жабдықтарын жасау<br>Қозғалтқыштар мен көлік құралдарына арналған электр жабдықтарын жасау<br>Қозғалтқыштар мен көлік құралдарына арналған электр жабдықтарынан басқа, өзге де электр жабдықтарын жасау |
| 32 | Радиоға, теледидар мен байланысқа арналған аппаратуралар жасау | 32.1<br>32.10 | Электр және радио элементтерін жасау<br>Электр және радио элементтерін жасау |
| | | 32.2<br>32.20 | Хабар беру аппаратураларын жасау<br>Хабар беру аппаратураларын жасау |
| | | 32.3<br>32.30 | Дыбыс пен бейнені қабылдауға, жазуға және шығаруға арналған аппаратура жасау<br>Дыбыс пен бейнені қабылдауға, жазуға және шығаруға арналған аппаратура жасау |
| | | 33.1 | Хирургиялық жабдық пен ортопедиялық құрылғыларды қоса |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 33 | Медициналық техника бұйымдарын, өлшеу құралдарын, оптикалық аспаптар мен аппаратуралар жасау | 33.10 | алғанда, медициналық техника бұйымдарын жасау<br>Хирургиялық жабдық пен ортопедиялық құрылғыларды қоса алғанда, медициналық техника бұйымдарын жасау |
| | | 33.2<br>33.20 | Технологиялық процестерді бақылау мен реттеу аспаптарынан басқа, бақылау-өлшеу аспаптарын жасау<br>Технологиялық процестерді бақылау мен реттеу аспаптарынан басқа, бақылау-өлшеу аспаптарын жасау |
| 34 | Автомобильдер, тіркемелер мен жартылай тіркемелер жасау | 34.1<br>34.10 | Автомобильдер жасау<br>Автомобильдер жасау |
| | | 34.2<br>34.20 | Автомобиль шанақтарын жасау, тіркемелер мен жартылай тіркемелер жасау<br>Автомобиль шанақтарын жасау, тіркемелер мен жартылай тіркемелер жасау |
| | | 34.3<br>34.30 | Автомобильдердің және олардың қозғалтқыштарының бөлшектері мен керек-жарақтарын жасау<br>Автомобильдердің және олардың қозғалтқыштарының бөлшектері мен керек-жарақтарын жасау |
| 35 | Өзге де көлік құралдарын жасау | 35.1<br>35.11<br>35.12 | Кеме жасау және жөндеу<br>Кеме жасау және жөндеу<br>Спорттық-туристік кемелер жасау |
| | | 35.2<br>35.20 | Темір жол жылжымалы құрамын жасау<br>Темір жол жылжымалы құрамын жасау |
| | | 35.3<br>35.30 | Ғарыш аппараттарын қоса алғанда, ұшу аппараттарын жасау<br>Ғарыш аппараттарын қоса алғанда, ұшу аппараттарын жасау |
| | | 35.4<br>35.41<br>35.42<br>35.43 | Мотоциклдер мен велосипедтер жасау<br>Мотоциклдер жасау<br>Велосипедтер жасау<br>Мүгедектерге арналған арбалар жасау |
| 36 | Жиһаз және басқа топтамаларға енгізілмеген, өзге де өнімдер жасау | 36.1<br>36.11<br>36.12<br>36.13<br>36.14<br>36.15 | Жиһаз жасау<br>Отыруға арналған орындықтар мен басқа да жиһаз жасау<br>Кеңселер мен сауда кәсіпо-рындарына арналған жиһаз жасау<br>Асхана жиһазын жасау<br>Өзге де жиһаз жасау<br>Матрастар жасау |
| | | 36.3<br>36.30 | Музыкалық аспаптар жасау<br>Музыкалық аспаптар жасау |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 36.6<br>36.63 | Басқа топтамаларға енгізілмеген, әр түрлі өнімдер жасау<br>Басқа топтамаларға енгізілмеген, әр түрлі өнімдер жасау |
| 37 | Қайталама шикізатты өңдеу | 37.2<br>37.20 | Металл емес қалдықтар мен сынықтарды өңдеу<br>Металл емес қалдықтар мен сынықтарды өңдеу |
| 40 | Электр энергиясын, газ, бу және ыстық су өндіру | 40.1<br>40.11<br>40.12<br>40.13 | Электр энергиясын өндіру және бөлу<br>Электр энергиясын өндіру<br>Электр энергиясын беру<br>Электр энергиясын бөлу және сату |
| | | 40.2<br>40.21<br>40.22 | Газ тектес отын өндіру және бөлу<br>Газ өндіру<br>Газ тектес отынды өткізгіш құбырлар арқылы бөлу және оны сату |
| | | 40.3<br>40.30 | Бумен және ыстық сумен жабдықтау<br>Бу мен ыстық су шығару және олармен жабдықтау |
| 41 | Су жинау, тазалау және бөлу | 41.0<br>41.00 | Су жинау, тазалау және бөлу<br>Су жинау, тазалау және бөлу |
| 45 | Құрылыс | 45.2<br>45.21<br>45.23<br>45.24 | Ғимараттар мен құрылыстар салу<br>Ғимараттардың жалпы құрылысын қоспағанда, жалпы құрылыс жұмыстары<br>Жолдарды, әуеайлақтарды және спорттық құрылыстарды салу<br>Су құрылыстарын салу |
| 55 | Қонақ үйлердің қызметтер ұсынуы | 55.1<br>55.10 | Қонақ үйлердің қызметтер ұсынуы<br>Қонақ үйлердің қызметтер ұсынуы |
| | | 55.2<br>55.21<br>55.22 | Қысқа мерзімді тұруға арналған өзге де орындардың қызметтер ұсынуы<br>Жастар туристік лагерьлері мен таулы туристік базалардың қызметтер ұсынуы<br>Кемпингтердің қызметтер ұсынуы |
| 60 | Құрлықта жүретін көлік қызметі | 60.1<br>60.10 | Темір жол көлігінің қызметі<br>Темір жол көлігінің қызметі |
| | | 60.2<br>60.21<br>60.23<br>60.24 | Өзге де құрлықта жүретін көлік қызметі<br>Кестеге бағынатын өзге де құрлықта жүретін көлік қызметі<br>Өзге де құрлықта жүретін жолаушылар көлігінің қызметі<br>Автомобильдік жүк көлігінің қызметі |
| | | 60.3<br>60.30 | Өткізгіш құбырлармен тасымалдау<br>Өткізгіш құбырлармен тасымалдау |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 61 | Су көлігінің қызметі | 61.1<br>61.10 | Теңіз көлігінің қызметі<br>Теңіз көлігінің қызметі |
| | | 61.2<br>61.20 | Өзен көлігінің қызметі<br>Өзен көлігінің қызметі |
| 62 | Әуе көлігінің қызметі | 62.1<br>62.10 | Кестеге бағынатын әуе көлігінің қызметі<br>Кестеге бағынатын әуе көлігінің қызметі |
| | | 62.2<br>62.20 | Кестеге бағынбайтын әуе көлігінің қызметі<br>Кестеге бағынбайтын әуе көлігінің қызметі |
| | | 62.3<br>62.30 | Ғарыш көлігінің қызметі<br>Ғарыш көлігінің қызметі |
| 63 | Көмекші және қосымша көлік қызметі | 63.1<br>63.12 | Жүктерді көлікте өңдеу және сақтау<br>Сақтау және қоймаға қою |
| | | 63.2<br>63.21<br>63.22<br>63.23 | Өзге де көмекші көлік қызметі<br>Азаматтарға тиесілі көлік құралдарын сақтау жөніндегі қызметтерді қоспағанда, құрлықта жүретін көліктің өзге де көмекші қызметі<br>Су көлігінің өзге де көмекші қызметі<br>Әуе кеңістігін пайдалануды реттеуді қоспағанда, әуе көлігінің өзге де көмекші қызметі |
| 64 | Байланыс | 64.2<br>64.20 | Электр байланысы<br>Электр байланысы |
| 92 | Демалыс пен ойын-сауықты, мәдениет пен спортты ұйымдастыру жөніндегі қызмет | 92.1<br>92.11 | Кино- және бейнефильмдермен байланысты қызмет<br>Жарнамаға арналғандарды қоспағанда, кино- және бейнефильмдер шығару |
